

Ақкөл ауданы әкімдігінің "2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" 2016 жылғы 26 қаңтардағы № А-1/16 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Ақкөл аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 22 қыркүйектегі № А-9/265 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қазанда № 5562 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақкөл ауданы әкімдігінің "2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" 2016 жылғы 26 қаңтардағы № А-1/16 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 ақпанда "Ақкөл өмірі" және "Знамя Родины КЗ" аудандық газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары Г.Е.Әбілқайыроваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Едігенов

Ақкөл ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "22" қыркүйектегі
№ А-9/265 қаулысына
қосымша
Ақкөл ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "26" қаңтардағы
№ А-1/16 қаулысымен
бекітілген

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| № | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | | Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге) | |
|---|--|---|-------------|--|-------------|
| | | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік |
| 1 | Балабақша | 730 | 20 | 23869,7 | 23869,7 |
| 2 | Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық | 101 | 0 | 16921,6 | 0 |
| 3 | Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық | 83 | 0 | 6805 | 0 |

кестенің жалғасы:

| Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | | Мектепке дейінгі ұйымдардағы бір айға ата-ананың төлем мөлшері (теңге) | |
|---|-------------|--|-------------|
| мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік |
| 23869,7 | 23869,7 | 8820 | 15000 |
| 16921,6 | 0 | 6000 | 0 |
| 6805 | 0 | 0 | 0 |